

2006  
№5(95)

2/3 1000/1000

ISSN 1563-0269  
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ФИЛОЛОГИЯ  
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ  
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№5 (95)

2006



1. Виноградов В.В. Русский язык (грамматическое учение о слове) - М. - 1972.
2. Краткий учебный русско-казахский словарь терминов мясной промышленности / Под редакцией проф. Г.А. Бадамбаева. Составители Беспяева Г.К., Мукашева Г.Г. - Семипалатинск.

- Семипалатинский институт мясной и молочной промышленности. - 1994.
3. Шанский Н.М., Быстрова Е.А. Словник и структура учебного фразеологического словаря русского языка. В кн. Проблемы учебной лексикографии и обучение лексике. - М. - 1978. - с.60-61

Г. Т. Назаркулова

## КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР (С.СМАТАЕВ «ЕЛІМ-АЙ» ШЫҒАРМАСЫ БОЙЫНША)

*В данной статье рассматриваются проблемы перевода фразеологических единиц в художественном произведении, описываются виды передачи фразеологизмов с казахского на русский язык*

Қазіргі таңда көркем аудармада ұлттық-мәдени лексиканың қазақ тілінен орыс тіліне аударылу тәсілдері өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бір халықтың рухы, жаны екінші халыққа аударма тілі арқылы жетеді. Бір халықтың екінші халықпен қарым-қатынас жасауы, бір-бірінің тұрмыс-тіршілігімен танысу, өз елінің ой-санасын өркендетуінің басты құралы аударма екені бұрыннан белгілі.

Аударма дегенде, қазақ тілі мен орыс тілі арасындағы қарым-қатынастың шамамен XII-XIII ғасырлардан басталғандығы ғылымда айтылып келеді. Қазақ тілі мен орыс тілі арасындағы жақындықтың тілдің даму тарихында қалыптасқан заңды құбылыс екендігін мойындауымыз керек.

Қазақ тілінен орыс тіліне аударылып жүрген көркем аудармада өз кезегін күтіп тұрған мәселелер көп. Тіліміздегі сөздердің, әсіресе көнеріп келе жатқан сөздердің, не тек түркі тілдерінде ғана қолданылатын ұлттық-мәдени лексиканың ішкі сырына үңілсек - оның пайда болу, қалыптасу тарихы болады. Сондықтан оның бәрін басқа туыстас емес тілдерге қалай болса солай аударма беруге болмайды. Құрылысы жағынан туыстас емес қазақша жазылған көркем шығармаларды орыс тіліне аудару, сол сияқты орыс тілінен қазақ тіліне аудару аса жоғары жауапкершілікті қажет етеді.

Белгілі неміс ақыны Гетенің «бір тілден екінші тілге аударма жасау кезінде аударуға болмайтын сөздерге баса назар аударғанда ғана, бөгде халықты және оның тілін айқын тану мүмкін» деген сөзімен айтсақ, бір ретінде аса маңызды.

Ұлттық-мәдени лексика деп - белгілі бір тілдегі ұлттық, тарихи, мәдени бояуы бар сөздер мен сөз тіркестерді айтамыз. Ұлттық-мәдени лексикаға реалийлер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер және т.б. кіреді. Солардың ішіндегі ең күрделі,

әрі көрнектісі фразеологизмдер болып табылады. Сондықтан мақалада қазақ тіліндегі фразеологизмдердің орыс тіліндегі көркем аудармада ұлттық ерекшеліктер мен ұлттық бояуды көрсете алу, я болмаса көрсете алмау мәселесіне тоқталмақпыз.

Фразеологизмдерді аудару мәселесі белгілі бір ұлтқа, халыққа тән ұлттық, тарихи ерекшеліктерін, екінші бір тіл оқырмандарына өзгеріссіз, түсінікті етіп жеткізу - маңызды мәселе болып табылады.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің басқа тілге аударылуы туралы мәселесі бұрыннан бері зерттеліп жүр. Жалпы фразеологиялық бірліктердің зерттелу процесі 1920-30 жылдарда басталған болатын. Фразеологизмдердің белгілі бір халыққа, этносқа тән ұлттық бояуларының бар екендігіне, оны аудармада ерекше ескеру керектігін, көркем аудармадағы олардың аударылып, берілу дәрежесін зерттеу - тіл білімі ғылымында өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Фразеология саласы - тіл біліміндегі ең күрделі сала. Сондықтан аудармашы сөйлем ішінен фразеологиялық бірліктерді ажырата білуі қажет және сөйлемде берілген тұрақты сөз тіркестерінің ұлттық-мәдени бояуларын анықтай алуы керек.

Фразеологизмдерді ажырату және оны аудару, аудармашыға көп қиындықтар туғызады. Мәселен, тұрақты сөз тіркестерінің көп компонентті мағыналарының құрамындағы сөздердің мағынасынан алшақ болуы, кейбіреулерінің тарихи деректерінің болуы. Ең бастысы - сөйлем ішінде тұрақты тіркестерді еркін сөз тіркестермен бірден ажыратып алуға болмайтындығы. Түпнұсқа тілдің табиғатын толық білмегендіктен, мұндай сөздерді аударуда көп қиындықтар ұшырасады. Осыдан барып түпнұсқа тілден аударылған фразеологизмдердің толыққанды мағынасы аудармада күңгірттеніп, мүлдем өзгеріп кетеді.

Мысалы:

Аудармада

- Но не кажется ли вам, что джигиты сердятся на нас от безделья? Что им надоело спать? [4; 22].

Түпнұсқада

- Қайта ұйқысы бұзылмаған жігіттеріңіз көптен алақанда-рына түкіріп, кіжініп жүр, - деп әлде кекете, әлде насаттана жымиған Нақыпбек... [3; 23].

І. Кенесбаевтің “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде”: *алақанына түкірді* – “қару-жарағын сайлап, дайын тұрды; іске, тірлекке күлшынып тұрды”, - деп берілген. Ал аудармада *от безделья*, яғни “іштері

пісіп, не істерін білмей, тірлігі жоқ” деген мағынасымен аударылды [1; 31].

Фразеологизмнің сөзбе-сөз берілігі, мағынасы жағынан сәйкес келгенін көрейік:

#### Түпнұсқада

*Алақандарына түкіріп жүрген екі-үш жігіт кәдімгідей өкініш білдірді* [3; 24].

#### Аудармада

Несколько отчаянных джигитов, уже *поплевавших на ладони* в ожидании славной схватки и предвкушавших добычу, по-настоящему разочаровались [4; 23].

Фразеологиялық аударма деп – аударма тіл мен түпнұсқа тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің арасындағы мағыналық жақындықты іздеп, бір-біріне жақын фразеологиялық эквивалент табу.

Салғастырмалы тіл білімінде алдыңғы қатарлы орыс ғалымдар Я.И. Рецкер, А.В. Федоров, В.Н. Комиссаров, С.Влахов, С.Флорин және т.б. фразеологизмдерді аудару мәселесі туралы ойлы пікірлер айтқан еді. Олардың пікірлеріне сүйеніп, С.Влахов пен С.Флорин фразеологизмдерді түпнұсқа тілден аударма тілге аударудың мынандай жолдар бар екендігін көрсетеді:

1) Фразеологизмнің аударма тілде кездескен эквивалентін (баламасын) беру арқылы аудару;

2) Аударма тілдегі вариантын (аналогын) беру арқылы;

3) Аударма тілде түпнұсқа тілдегі фразеологиялық тіркестің баламасы да, варианты да болмағандықтан, фразеологиялық емес тіл құралдарымен беру арқылы [2; 232].

Бірақ тұрақты сөз тіркестерінің өзіне төн белгілері мен түрлеріне байланысты амал-тәсілдерді пайдалануға тиістіміз. Сондықтан жоғарыда аты аталған ғалымдардың фразеологизмдерді аударудың бірнеше

жолдарына сүйене отырып, төмендегідей түрлерге бөлеміз:

#### І. Фразеологиялық аударма және фразеологиялық емес аударма.

Фразеологиялық аударма ішінен толық фразеологиялық эквивалент, жартылай фразеологиялық эквивалент, қатыстық фразеологиялық эквивалент, фразеологиялық аналог (үйлестік) деп бөлінеді. Ал фразеологиялық емес аудармаға ішінен сипаттама аударма (лексикалық бірліктермен аудару) және калькалау аударма түрлері жатады.

1. *Толық фразеологиялық эквивалент* – барлық белгісі жағынан, яғни образдылығы толық сақталған, түпнұсқа тілмен дәлме-дәл келетін, мағынасы жағынан да, стильдік, метафоралық, эмоционалды-экспрессивтік бояуы жағынан да сәйкес, компоненттік құрамы мен лексика-грамматикалық көрсеткіштері бірдей, бірдей грамматикалық категорияға жататын тұрақты сөз тіркестердің аударылуы. Түпнұсқа тіліндегі фразеологизмдерді аударма тіліндегі фразеологизмдермен аудару, яғни фразеологизмді фразеологизммен аударылуын айтамыз. Мұндай сәйкестік көп кездесе бермейді.

Мысалы:

– *Мойнын бұрап тастайын ба?!* [3; 19].

Сәдірбектің *денесі түршікті* [3; 21].

- Онда *өз обалын өзіңе!* Аямаймын! [3; 69].

- *Ә, жаны тәтті* екен-ау. Тұзағымды қандамап едім көптен, жақсы болды-ау [3; 69].

– Алдамызда алты-ақ үйлі ауыл отыр. Нашар ауыл. *Қол көтерер* пысығы түгіл пұшығы да табылмайды [3; 24].

– Жок, босқа уайымдамаңыз. Осы жолы, *құдай бұйыртса*, келіңізді әкелемін, - деп Сәдірбекті ертіп төмен түсіп кетті [3; 23].

...қиянпұрыс ойларға сүңги малтығып, қызыл еріннің алқызыл томпағынан *көз айырмайды* [3; 30].

-*Свернем ему шею*, чтоб другим было неповадно [4; 18].

По телу Садырбека *пробежал озноб* [4; 21].

-Ну, тогда *пеняй на себя!* Не жди пощады! [4; 71].

- А-а, значит, *жить-то хочется?* Вот кстати, давно уж я не проливал крови! [4; 71].

- Впереди всего лишь убогий аул из шести юрт. Там согнем не сыщешь исмелычака, который бы *поднял на нас руку* [4; 23].

- Ладно, зря не переживайте. На этот раз, если *даст бог*, привезу вам невестку [4; 22].

Размышляя так, он *не сводил глаз* с пухлых алых губ женщины [4; 29].

Берілген мысалдарда *басын көтерді* деген фразеологизмі орыс тіліне *поднял голову* деп аударылған. Мұнда қазақ тіліндегі вариантына сәйкес орыс тіліндегі варианты семантикалық жақтан да, құрылысы жағынан да толық мағынаны беріп отыр, оны былай белгілеуімізге болады: *басын көтерді* = *поднял голову*, *денесі түршікті* = *пробежал озноб*, *жаны тәтті* = *жить хочется*, *қол көтерді* = *поднял руку*, *өз обалын өзіңе* = *пеняй на себя*.

2. *Жартылай фразеологиялық эквивалент* дегеніміз - түпнұсқа тілден аударма тілге алмастырылатын фразеологиялық бірліктің бірнеше вариантының ұшырасуы, яғни түпнұсқа тіліндегі фразеологизмдердің компоненттері аз болса, онда олардың аударма тіліндегі компоненттері көп болады, немесе керісінше, компоненттері көп болатын жағдайда, аударма тілінде аз болып келеді. Аударманың бұл түрі аудармада көп кездеседі. Мысалы:

- *Тал түсте ат ойнатып* келіп, момақан гана ауылдың үстінен жай түсірді [3; 26].

- Алланың құлағына шалынсын! - деп елпектеп бетін сипаған Таңыбай... [3; 75].

... шегіне жеткен азапты ой миын шағып, не істерін білмеген мүсәпір жанға ендігі *бір жұтым ауаның* қадірін де қашыра бастады [3; 13].

- Менен жай безбейді. Мені танымау үшін анамды... анау байғұс шешемді *жоқ қылады* [3; 20].

3. Қатыстық фразеологиялық эквивалент – мағыналары сәйкес келгенімен, синтаксистік құрамы, синонимдік компоненттері, морфологиялық құрылысы

... домбыраның тоғыз перне, екі ішек, күрен тактайына әділдік пен зұлымдықтың *тең таразысын құрып тастады* [3; 15].

4. Фразеологиялық аналог (үйлестік) – берілген контексте бастапқы тіліндегі өзіне баламасыз тұрақты

- *Адам өтпес, аң жүрмес* жерде кездескенімізді ескер! [3; 9].

- Ендеше сен бүлінетін рет жоқ. *Жүр, ес жи!* [3; 17].

Түтқын Разаққа *қадалып қалыпты* [3; 19].

11. Қырылдаған дауыс ұланның санасына *сү септі* [3; 10].

- *Көріп көңілім бұзылған* [3; 24].

- *Көңілің шын ауса*, анау ұнатқан жаныңның *да көңіліңе қара* [3; 25].

Фразеологиялық емес аударманың бір түрі *синтама аударма* - фразеологиялық бірлік лексикалық тәсілмен беріледі (фразеологиялық емес). Әрине, мұн-

*Жігіт жалт бұрылды* [3; 103].

*Қазыбек әлсіз ғана мырс етті* [3; 65].

*Әділдің көзі тайға түсті. Қабағы шытынды* [3; 58].

Аударманың *калькалау тәсілі (сөзбе-сөз аударма)* – түпнұсқаның лексикалық бірлігін оның морфема-бөліктерін немесе тұрақты тіркестерін аударма тілдегі

- *Сұлтанның да азар болса екі аяқты пенде*. Ет пен сүйектен жаралған [3; 46].

- *Аузыңа май, жігітім!* [3; 46].

*Тілі аузына сыймай*, көзі үңірейіп, сұры қашып кеткен [3; 14].

*Табалдырықтан аттағандары* сол еді, дауыс айтқан әйелдің сүнқылдап үн салған жылауы шар ете қалды [3; 25].

- *Прискакали средь бела дня*, устроили тут побоище. *Били прямо с коней* всех подряд, кто позу руку попадался [4; 25].

- *Да услышит аллах твои слова!* - растроганно сказал Таныбайи повел ладонями по лицу [4; 75].

... мучила и беспомощное положение чужака, изгнан-ника, настолько, что и *глоток воздуха* начал терять свою ценность [4; 14].

- Чтобы избавиться от лишних свидетелей проклятый Азимбай *сживет со света* мою бедную мать [4; 20].

өзгешелеу болады, бірақ мағынасы бірдей. Мұндай сәйкестік аудармада өте аз кездеседі.

Мысалы:

Вот безмерной тяжестью *легло на чашу* весов зло. Однако ж справедливость, всегда питающая надежду на лучшее будущее, *уравнесила чаши* [4; 15].

тіркесінің мағынасына ие аударма мәтініндегі тұрақты сөз тіркестері. Мысалы:

- *Ведь здесь ни одной живой души*, кроме нас. Опомнись лучше, пока не поздно [4; 7].

- Не надо так терзаться из-за прошлого. Пойдем с нами, восстановишь силы, *придешь в себя* [4; 16].

Пленник *установился* на Разака... [4; 18].

От этого хрипа юноша немного *пришел в себя*, хотя ярость все еще горячими волнами пробегала по телу и застилала взор [4; 8].

- Увидел я ее и *покой* потерял [4; 23].

- Если девушка тебе и в самом деле нравится, ты должен *считаться с ее чувствами* [4; 23].

дай аударма түпнұсқа тілдегі мағынасы толық түрде жеткізе алмайды. Сондықтан бұл тәсілге әбден түйік-кә тірелгенде ғана бару қажет. Мысалы:

*Джигит резко повернулся* к ней [4; 103].

*Казыбек усмехнулся* [4; 65].

*Адиль внимательно его выслушал* и *нахмурился* [4; 57].

лексикалық сәйкестікпен ауыстыру арқылы жүзеге асырылады. Аударманың бұл түрі өте көп кездеседі. Мысалы:

- *Султан тоже существо о двух ногах* и об одной голове. Он ведь из костей и мяса [4; 46].

- *Масла тебе в рот*, джигит! [4; 75].

За несколько дней голодовка сделала свое дело: язык *распух* и едва помещался во рту, глаза *ввалились*, лицо сделалось мертвенно бледным [4; 14].

Едва *переступили порог*, как *горестные женские причитания* [4; 24].

- Күнкөріс үшін қауға сақалға құшағымды ашқам [3; 32]. /368/.

Өліара [3; 89]. /432/

- Әлі де біраз өмір сүргім келеді [3; 56]. /433/

- Сөге жамандама, жаркыным. Дікілтетіп қойған қызметіме қарап, *шап ал десе бас алатын* өзیرهйіл санап барамысын мені... біздерді [3; 57]. /561, 84/.

-И вот ради того, чтобы выжить, я раскрыла объятия старику [4; 31].

Полнолуние [4; 88].

-Мне еще хочется пожить на этом свете! [4; 55].

-Ты наверное считаешь, что мы страшилища, которые вместе с волосами снимают и голову [4; 57].

Сөзімізді түйіндей келе, келесі қорытынды жасауымызға болады: фразеологизмдер белгілі бір халықтың ұлттық-мәдени бояуын көрсететін лексикалық бірлік болғандықтан, оны өзге тілге аудару қиындықтардың бірі саналап, сондықтан фразеологизмдерді аудару кезінде, көбінесе фразеологиялық емес тілдік құралдармен берілетіндігі анық көрініп тұр. Ал фразеологиялық аудармамен аударылған мысалдар сирек кездеседі.

1. Кенесбаев І. Қазак тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.-712 б.
2. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – Москва: Международные отношения, 1980. – 352 с.
3. Смағайев С. Елім-ай. Роман. 2 том. – Алматы: Жазушы, 1980. – 416 б.
4. Смағайев С. Песнь моя – боль моя: Роман. Книга вторая. – М.: Советский писатель, 1990. – 424 с.

*Г. Б. Нурмағанбетова*

## ТАҢБА ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ БОЛМЫСЫ

*В данной статье автор, опираясь на исследования известных ученых, раскрывает роль знаков в формировании национального сознания.*

Тіл – таңбалар жүйесі. Семиотикада таңба деп қоршаған ортадағы кейбір материалдық қатардың атауын айтады, яғни түрлі символикалық құралдар жүйесі адамға таным процесі барысында жинақталған сыртқы дүние үлгілері деп қарастырылады.

Әдетте таңбаларды қоршаған ортамен байланысына қарай: белгілер, бейнелер, символдар деп үшке бөледі [1,6].

Бейне таңбалар-өзін қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарын шартты түрде нұсқайтын, олармен материалдық ұқсастықты білдіретін біржақты бірліктер.

Индекс немесе белгі таңбалар-сыртқы дүние объектілерін шартты түрде нұсқай отырып, олармен ешқандай визуальды ұқсастықты білдірмейтін біржақты бірлік.

Символикалық таңбалар-өздері нұсқайтын объектілермен құрылымдық ұқсастықты білдіретін бірліктер.

Дәл осындай анықтаманы Умберто Эко «Знакъ» атты зерттеу кітабында да айтып, оны алты топқа бөледі. Таңба (знакъ)-*signum* – латын тілінен аударғанда белгі, нұсқа, мөр деген мағына т.б. береді де, мынандай мағыналар үстейді:

- 1) белгілі бір заттың екінші бір затқа өсер етуі арқылы адам санасы қабылдаған белгі, нышан;
- 2) жеке тұлғаны анықтауда көрсететін нақты белгілер;
- 3) көңіл-күйді білдіретін дене қимылдары;
- 4) акустикалық жол арқылы шығып, белгілі бір мағынаға ие тілдік таңба;

5) дыбысқа қосымша мағына үстейтін кез-келген визуальды элемент (алфавит, типографиялық белгі, нота, морзе әліппесі);

6) мағынаға ие жай ғана графикалық белгілер (сандар, химиялық, физикалық формулалар, теңіз флоты, әскери бөлімдер, т.б.);

Осылардың ішінде тілдік таңба адамзат жаратылысындағы нақты табиғи қажеттіліктен туған жүйелілік сипаты бар, белгілі бір мақсатқа бағытталған, қоғамның әрбір мүшесі саналы түрде қолдана алатын құбылыс. Ол сигналдық әрі сигнификалық (мағына ажыратушылық) сипатқа ие, сондықтан шындық болмыстың жинақталған бейнесін бейнелейтін құрал болып саналады.

Ал таңбаның ұлттық танымы туралы ғалым А.Мектеп-тегі «Таңба қоғамдық дамудың интеллектуалдық қуатын, ойшылдық өріс қабілетін, даналық тұғыр деңгейін танытатын қасиетті нышан, ұлттық зерделеудің рәмізі. Қазаққа тән ортақ таным-түсінік, өзін-өзі құрмет тұтудың елдік мұрат-мүдденің, арман-аңсардың, ерлік өжет рухтың айбыны мен айдынын бейнелейтін кілтті түйіні-таңба.

Таңба ұлттық ойлаудың архаикалық пішіні. Сондай-ақ руна жазуы – төрүктің төлтума графикалық қолтаңбасы. Таңба қоғамдық қарым-қатынас құралының айырықша стратегиялық түрі», -дегенді айтса [2,144], Т.Тілеубекұлы «Таңба деген сөздің мағынасы мөр деген ұғымды білдіреді. Түркі манғол халықтарында мал иелігін, хан жарлығын білдіретін белгіні